

**«Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «№4 Атырау қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы түсіндіру, талқылау хаттамасы №5**

**Атырау қаласы.**

**17 маусым 2026 жыл**

**Өткізілген орны:** №4 Атырау қалалық емханасының негізгі ғимаратының мәжіліс залы;

**Қатысқандар:**

1. №4 Атырау қалалық емханасының директоры Бауыржан Дүйсебайұлы Төлеген, компланс-офицері Куат Махмутжанович Жуманалиев;
2. №4 Атырау қалалық емханасының әкімшілік бөлімі;
3. №4 Атырау қалалық емханасының дәрігерлері;
4. №4 Атырау қалалық емханасының орта және кіші буында медицина қызметкерлері;

**Күн тәртібінде:** №4 Атырау қалалық емханасында 3 тоқсанға сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындылары бойынша түсіндіру, талқылау.

**Алғашқы сөз алған №4 Атырау қалалық емханасының директоры Б.Д.Төлеген:** Қазіргі заманның індетіне айналып отырған қоғамдағы жемқорлық екендігіне, оның ішінде күнделікті тұрмыстық жемқорлыққа жол бермеу керектігіне тоқтала өтті.

Үкімет жемқорлықпен күресте қол қусырып қарап отырмағандығы анық, оның ішінде цифрландыру жүйесінің нәтижесінде жемқорлық көздері жойылып отырғандығы анық. Сыбайлас жемқорлықпен күресу құқық қорғау органдарының ғана міндеті емес, бұл іске барлығымыз атсалысу керек екендігін түсіндірді.

**Комплаенс-офицері К.М.Жуманалиев тыңдалды:**

№4 Атырау қалалық емханасында 2 тоқсанға уақытша жарамсыздық парақтарын немесе анықтамаларын беру қызмет түрі бойынша 01.01.2026 ж.- 29.05.2026 ж. мерзім аралығында қамти отырып сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізулі. 3 күн және оданда көп мерзімге уақытша еңбекке жарамсыздық парақтары берілуі «Даму мед» ақпараттық жүйесімен зерделенді. 04.01.2026 жылдан 25.06.2026 ж. мерзім аралығында артқы мерзіммен ашылған 105 факті анықталды. Өздеріңізге мәлім, №4 Атырау қалалық емханасында қызметтік нұсқаулықтарына сәйкес еңбекке жарамсыздық парағын ашуға «Дамумед» ақпараттық жүйесінде арнайы рұқсаты бар жанұялық денсаулық орталығы меңгерушілерінен, жалпы тәжірибелік дәрігерлер мен фельдшерлер шақыртылып, түсініктеме алынды. Еңбекке жарамсыздық парағын ашу тәртібі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрығымен «Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру

қағидаларын бекіту туралы» қағидасымен реттелетіндігін түсіндірді. Сонымен қатар, №4 Атырау қалалық емханасында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында, комплаенс офицер немесе топ құрамының мүшелері сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша тексеріс бұйрықпен таныстырып, түсініктеме сұратқан уақытта, жалтармай немесе еңбекке жарамсыздық бетшесін алып жұмыстан қашпау керек екендігін түсіндірді. Қызметкердің түсініктеме жазды деп міндетті түрде тәртіптік шара алынады деген мәселе еместігін, қызметкердің түсініктемесі бұл сұратылып жатқан жағдайға байланысты қызметкердің тұжырымы және субъективтік көз қарасының білдіруі болып табылатындығын және қызметкер түсініктемесі арқылы, оған жалғанған дәлелдеме құжаттары арқылы өзін қорғайтындығын түсіндірді. Сондай-ақ керісінше қызметкер түсініктеме бермеген жағдайда, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек Кодексінің 65-бабының қағидаларына сәйкес қызметкер түсініктеме беруден бас тартқандығы жөнінде тиісті акті толтырылады және тәртіптік шара қолданылуы мүмкін екендігін түсіндірді, ал бұл жағдайда қызметкердің қорғалуға мүмкіндіктері ескерілмей қалатындығын айқындады.

#### Қаулы:

1. Әр тоқсан сайынғы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тақырыбында талқылау, түсіндіру жұмыстары ұжым алдында жүргізілсін.

Директоры

Хатшы



Б.Д.Төлеген

К.М.Жуманалиев